

Оқу-тәрбие үдерісінде КОГНИТИВТІ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

М.Өтемісов атындағы БҚУ доценті, п.ғ.к.
И.У.Хасанова



Когнитивті оқыту...
дегенді қалай түсінесіздер?

Кілттік сөздер:

Танымдық

Ұлттық

Ойлау

Білім

Тәрбие

Тіл

Осы сөздерді пайдаланып, когнитивті оқыту дегенді болжап көрейік.

Білім беру жүйесін дамытуда әр халықтың тарихи, рухани-мәдени және әлеуметтік-экономикалық ерекшелігі диалектикалық бірлікте қарастырылып, мектептегі білім мазмұнын жаңартудың негізгі көзі болуы тиіс.

Ұлттық тәрбиелік білім беру – ұлттық сипатта зерттеліп келе жатқан ғылыми сала. Ол – болашағымыздың рухани дамуын қамтамасыз етеді.

Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы – адамды ұлттық тұрғыдан ойлануға үйретуі. Өйткені біздің төлтума бітімімізді, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлау машығымызды, қала берді ұлттық кейпімізді сақтап қалу бәрінен маңызды. Ол бізге мынау аждаһадай төніп келе жатқан дүлей дүниеде біржола жоғалып кетпеуімізге кепіл болуға тиіс. Қалай десек те, ендігі жерде өзіндік «менін» сақтауға ұмтылған жұрт, ең алдымен, ұлттық тарихи жадын, бірегей ұлттық ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ділін, дінін, дәстүрлі мәдениетін аман алып қалу және оны одан әрі дамыту жолында күреске түсетіні анық.

Осы бағытта оқыту мазмұнын құрайтын педагогика ғылымында когнитивті оқыту әдістемесі қалыптаса бастады. Бұның негізі, яғни ұлттық танымдық оқыту мазмұны Алаш зиялылары М.Дулатов, Т.Шонанов, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, т.б. қоғам қайраткерлері, алғашқы қазақ педагогтарының еңбектерінде көрініс тапты. Олардың бүкіл өмір жолындағы басты идеясы – қазақ халқының ұлттық санасын ояту, сол арқылы тұрмыс-жағдайын жақсарту, ол үшін халықты жаппай сауаттандыру, оқу-ағарту жұмыстарын дұрыс жолға қою.

«Оқу құралы» (қазақша әліф-би) әліппесінде

1. **Туысқан-туған іліктес:** ата, баба, әке, ана, әже, шеше, аға, іні, апа, қарындас, жеңге, келін, қайын ата, қайын ене, ... бажа.
2. **Киімдер:** шапан, ішік, тон, шекпен, бешпент, тымақ, жалбағай, құлақшын, бөрік, тақия, жаулық, орамал, ... шұлғау.
3. **Тамақтар-сусындар:** нан, ет, тары, сөк, құймақ, бөртпе, құрт, ірімшік, жент, малта, бауырсақ, жалпақ нан, қуырдақ ... томыртқа.
4. **Ыдыс-аяқ:** қазан, тегене, шара, табақ, аяқ, тостаған, кесе, күбі, ... дорба.
5. **Шөп-шөлендер:** қамыс, қоға, қурай, ала бота, қара сора, қаңбақ, шағыр, шілік, жоңышқа, бидайық, көде, селеу, тарлау, ... мүк.
6. **Жер жүзінің аттары:** тау, адыр, қыр, жон, дөң, төбе, төмпе, шоқы, қабақ, жар, ой, жазық, дала, сай, жыра, жылға, шың, томар, ... бұлақ».

Этнопедагогика негізінде математика оқулығын жазған алғашқы қазақ бастауыш мұғалімі М. Дулатов оқулығында

- 1) Жауғашардың үйі 33 жас бие, 7 қысыр сауады. Жауғашар үйі барлығы неше бие сауады?
- 2) Бекболаттың ірі жылқысы – 52, құлыны – 8. Бекболаттың барлық жылқысы қанша?
- 3) Асарға бастапқы күні 41 орақшы жиылып еді. Келер күні 9 орақшы қосылды. Бәрі неше орақшы болды?

Осы жердегі «қысыр сауу» деген этнографизмге арнайы түсініктеме бермесе, түсініксіз болады.

Ал «асар» лексемасына келсек, адамдардың бір ұжымдық топқа жиналып, ақысыз жұмыс жасап, бір-біріне көмектесуін білдіретін сөз. Кезінде елімізде «Асар» атты партия болғанын да білеміз.

«Есеп құралында» «Біздің үйде алты ат бар еді, құдамыздан тағы бір ат алдық, біздің үйдің аты нешеу болды?», «Ахметжанның үйі соғымға 5 қой, 1 сиыр сойды. Ахметжанның үйі соғымға неше мал сойды?», «Мерген екі қаз атып алып еді, біреуін ақсақалға байлады. Мергеннің өзінде неше қаз қалды?», «Біздің үйдің желісінде 10 құлын бар еді. Біреуін ағытып жіберді. Желіде неше құлын қалды?», т.б.

(«құда», «соғым», «ақсақал», «желі», т.б.)

«Мұндай балалар бастауыш мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың мектеп, медресесінде оқыса да, қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды. Қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық өзгерістер көрсе де ұлт ұлы болып қалады. Оқудағы мақсат жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге, жақсы тәрбиені қоса беру...».

Когнитивизм – адамның білімі мен танымы, әлемді қабылдау үдерісіндегі адамның әрекеті туралы ғылым.

Когнитология ғылымы – бұл адамның ой-өрісі мен тілдің арақатынасын, сонымен қатар, индивидтің санасында жүзеге асатын ұлттық танымдық әрекеттің ерекшеліктерін зерттейді. Қарапайым тілмен айтқанда, **когнитивті оқыту** ұлттық танымдық тұрғыдан білім беру, тәрбиелеу дегенді білдіреді.

1) Тезаурустік әдіс. Ы. Алтынсариннің тезаурустік сөздік жасаған кезде қолданған, сөз мағыналарының өріс бойынша орналасуын іске асыратын *тезаурустік әдіс*. Мұнда бір мағынаға жақын барлық сөздер қамтылады. Мәселен, «киім-кешек» тақырыптық тобында: *киім пішу, киім тігу, тайжақы, түйежүн шекпен, киіз кебенек, қаптама, саптама етік, шегірен етік, сәукеле шашағы, екшу, бүру, ит көйлек* т.т.

2) Ассоциациялық әдіс. А. Байтұрсыновтың парадигмасындағы сөз мағынасының мағыналық бөлшегі (сема) немесе ассоциацияларын айқындайтын *ассоциациялық әдіс*. Балалардың санасында туатын басты ассоциацияны айқындау үшін қолданамыз. Ағылшын ғалымы Э. Торндайк адам санасын ойдың біріккен ассоциациялық байланысынан тұратын жүйе ретінде қарастырады. Адам интеллектісі жоғары болған сайын, ол соғұрлым көбірек байланыс таба алады. Байланыс – ойлаудың негізі. Мәселен, *той – қуаныш, қарбыз – тәтті, доп – футбол, Аяз ата – сыйлық, балмұздақ – салқын, тұлпар – жүйрік, жыл мезгілі – күз, қыс, көктем, жаз* т.т.

Ассоциация – адамның танымдық әрекеті нәтижесінде туатын сөз мағынасының бөлшектері сияқты бейне, ұғым көріністері.

Ассоциация – бұл білім алудың бір тәсілі, себебі ассоциация – когнитивтік модель қалыптастырады.

Мысалы, сабақта Көктем мезгіліне байланысты танымдық әрекеті қалай жүзеге асады?

1) Оқушыларды жаңа материалды қабылдауға дайындауда жыл мезгілдерін түстерге қарай таңбалату және таңдау: көк – көктем; жасыл – жаз; сары – күз; ақ – қыс. Көктем айлары қандай? Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр

2) Ассоциация құру. Көктем сөзін естігенде нені елестетесіңдер? (құстар, ағаш, бүршік т.т.).

3) Когнитивті белгілерін анықтау. Сонда көктемде қандай құбылыстар болады екен? (қар ериді, күн жылынады, жылғалардан су ағады, құстар келеді, ағаштар бүршік жарады, мал төлдейді, адамдар қуанады, Наурыз мейрамы тойланады, т.б.).

Мысалы, «көктем» концептісі малдың төлдеуі, күннің жылыну секілді іргелес ассоциация арқылы танылады деп талдауға болады. Көктем – жастық шақ ұқсастық ассоциация арқылы танылып, автор танымында ойсурет формасында қабылданады. Себебі, когнитивтік санада көктемгі құлпырған шуақты күндер жастық шақтағы бақытты, тәтті өмірмен теңеліп, ассоциациялық модель қалыптастырып тұр. Көктем – күз қарама-қарсы ассоциация арқылы көктемдегі жылылық, күздегі суықтық белгісімен танылу әдісіне сүйенеді.

Жалпылау әдісімен балалардың санасында көктем концептісі бойынша жинақталған ақпараттар арқылы семантикалық өріс жасауға болады. Бұл арқылы балалардың санасында көктемнің когнитивті бейнелері нақтылана бастайды.

а) **Көктемдегі табиғат құбылыстары.** (Заттарды мезгілдік байланысына қарай айырту. Көктемде қандай табиғат құбылыстарын байқаймыз? *жаңбыр, су ағады, күн жылынады, жел соғады, күн ұзақ, түн қысқа*).

б) **Құстар мен жануарлар тіршілігі.** (*құстар ұшып келеді, жануарлар төлдейді*).

в) **Көктемгі мейрамдар.** (Наурыз, Әйелдер мейрамы, Жеңіс күні, т.б.).

г) **Көктемгі еңбек.** (*ұя жасау, жер жырту, егін егу, үй ақтау (жаңарту)*).

Мысалы,



I. Жансүгіровтың «Жазғытұрым» өлеңін талдау арқылы *Көктем* концептісін ассоциативтік үлгіге салуға болады.

Ой, балалар, балалар!

Жылы-жылы жел соқты,

Жылгалардан су ақты.

Қаңқыл-қаңқыл қаз кепті.

Жер қарайды – жаз кепті.

Желкілдейді көк майса.

Желіндейді мал жайса. Көктем – көк, мал

Көктем – жел, су

Көктем – құс

Көктем концептісін ассоциативтік модельге салғанда (*Көктем – жел, көктем – су, Көктем – құс, Көктем – көк, Көктем – мал, Көктем – жер, Көктем – шуақ, Көктем – мейрам*) осындағы *жел, су, құс, мал, көк, жер, шуақ, мейрам* сөздері ассоциация және «көктем» концептісінің құрылымдық үлгілері де болады.

Наурыз айы – наурыз тойы. Қазақтың Жаңа жылы тойланады (наурыз көже, көкпар тарту т.т. ұлттық белгілер)

Сәуір айы – ұт туды (бесқонақ, отамалы, көк шығу т.т.)

Құс қанаты (соңғы қар жауу) – құстардың келуі (ұя салу, ұя басу тт.)

Ассоциациялық жаттығу үлгілеріне:
«Достық», «Табиғат» концептісі бойынша «Оның
досын тап» деген тапсырма беруге болады.

Елдің досы кім? (ер)
Жердің досы кім? (диқан)
Суретшінің досы не? (бояу)
Жауынгердің досы не? (қару)
Атбегінің досы не? (тұлпар)
Оқушының досы не? (кітап).

Ойсурет әдісі – концепт қалыптастыру операциясының ең күрделі формасы, концепт құрайтын элементтерді суреттеу тәсілі.

Е. Өтетілеуұлының:

«Отан деген – атамекен,

Отан деген – туған жер.

Отан – ана,

Отан – үлкен.

«Қазақстан – туған ел» өлеңінде атамекен, туған жер, ана, үлкен, туған ел немесе

С. Мәуленовтың:

«Дала десе көл түседі есіме,

Дала десе ел түседі есіме.

Дала десе түседі еске арғымақ,

«Кең далада шабатұғын көсіле» көл, ел, арғымақ деген метафоралық қолданыстары ойсурет негізінде жазылған.

Түсініксіз сөздердің мағыналық құрылымын ұғындыру әдісі.

Мысалы, адыраспан: (шөп) бәле-жаладан сақтайды, қасқырдың тісі: баланы қорғау үшін бесікке іледі, бағлан – шілде айындағы қозы, қошқар мүйіз – ою аты, бүлдіршін – екі-үш жастан асқан ұрғашы түйе т.т..

Құбылысты байқау, тексеру әдісі.

Бақылауға берілетін зат не құбылысты танып білуде қолданылады. Бақылау нәтижелі болу үшін ұсынылған тақырып жайында қосымша мағлұмат алатындай нұсқау, сұрақтар беріледі. Мысалы, көктемнің белгісін қалай білесің? (ағаштардың бүршік жаруы, құстардың келуі, жердің көктеуі, т.т.). Мұғалім айтпай-ақ, балалар өздері талдаудан дұрыс қорытынды шығарады немесе мұғалімнің басшылығымен тапсырманы бірге тексеріп отырады.

Жалпы когнитивті педагогика ғылымы когнитивті лингвистика және когнитивті психология ғылымдарының ғылыми негіздерімен тікелей байланысты. Сондықтан когнитивті лингвистиканың басты бірліктері когнитивті оқытуда кеңінен қолданылады.

Мысалы, когнитивті оқытудағы басты лингвистикалық бірлік – концепт.


- «— концепт дүниенің құндылықтарын танытады;
 - концепт санадағы дүниенің мәнін бейнелейді;
 - тіл арқылы объективтенеді;
 - субъектінің білімдік деңгейін танытады;
 - белгілі бір ұлттың мәдени деңгейі мен менталитетін көрсетеді;
 - әрбір ұлттың танымдық белгілерінің мазмұнын ажыратады;
 - тұлғаның өзіндік танымдық стилін айқындайды;h
 - концепт — білімді тарату, сақтау және өңдеудің негізі бірлігі;
 - концепт — белгілі бір мәдени болмыстың негізгі ұясы».
- Концепт — адам санасының ойлау көрсеткіштері мен психикалық ерекшелігін, білім мен тәжірибенің бейнелі суретін құрайтын, терең мазмұнды құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін негізгі ұғымдардың бірі.

Біздіңше, концепт – ғаламның когнитивті бейнесінің адам санасында танылатын ұлттық менталдыққа ие мазмұнды құрылымдық бөлігі, менталды бірлік.

Когнитивті оқытудағы екінші бірлік – «дүние суреті» (картина мира) болып табылады, кейде «ғалам бейнесі» терминінің орнына «дүниенің суреті», «ғалам образы», «ғалам моделі» немесе «ғалам туралы білімдер жүйесі» ұғымдары қолданылады.

Белгілі философ І. Ерғали: «Адамның дүниемен байланысы, оны тануы – белгілі ұлттық жағдайда қалыптасатындықтан, дүниетанымның ұлттық белгілері болады. Ол белгілер мен көріністер осы халықтың менталитетіне (діліне) тәуелді. Бұл – халықтың бейнелер дүниесі, символдары (рәміздері) мен салт-жоралары, сезіну, ұғыну ерекшеліктері», – дейді. Дүниетаным, дүниенің тілдік суреті, ұлттық менталды ойлау тек ұлттық психологияның сүзгісі арқылы көрініс табады.

Дүние суреті ұлттық таным мен ұлттық мінез-құлық негізінде туғандықтан, онда міндетті түрде екі ұғым қатар өріледі, сондықтан немісте бар сөз орыста жоқ, ағылшындағы сөз орыста жоқ болуы – табиғи қалыпты құбылыс. Мәселен, ағылшын тілінде «жұманың кеші, сенбі және жексенбі» – *weekend*; «уақыттың екі апталық кезеңі» – *fortnight*; ал қазақ тілінде жексенбі – демалыс болса, өзбек, түрік тілінде – базар күні. Яғни, қазақ фольклорынан хабары жоқ қазақ баласы ұлттық менталды түрде ойлау мен ұлттық тәрбиемен өседі деу қате екені сөзсіз, себебі қазаққа тән тұрмыс нышандары жаһандану заманындағы қалаларда болмайтыны бәріне белгілі.



. «Төл қалай өсті?»

Бұл ойында балалар екі топқа бөлінеді. Бір топтың мүшесі қошақан, сол топтың келесі баласы бағлан т.т., яғни балалар эстафета тәрізді рөлдерде болады. Қошақаннан бастап қой болғанға дейінгі аралықтағы атауларды көрсеткен балаларды қарсы топ білуі керек. Мәселен, қошақан, қозы, бағлан, марқа, тоқты, тұсақ, қой т.т. Қарсы топтың мүшелері басқа жануардың төлінің өсу кезіндегі аттарын жасырады. Мәселен, құлыншақ, құлын, құнаншығар, құнан, дөненшығар, дөнен, бесті т.т. Барлық атауларды тапқан топ ұпай саны бойынша жеңіске жетеді.

«Жануарлар қалай дыбыстайды?»

Мақсаты: әр жануардың тек өзіне ғана тән дыбыстауы бар, соны меңгеру.

Сыныптағы балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ хайуанаттың атын айтады, ал қарсы топ оның дыбыстауын айтады не жазады. Мәселен:

Қошқар мекіренеді. Бұқа күжілдейді.

Қасқыр ұлиды. Күшік қыңсылайды.

Түйе боздайды. Теке бақылдайды.

Жылан ысылдайды.

Тышқан шиқылдайды. Мысық пырылдайды.

Көктем **туды** деудің орнына көктем келді деп жатады. Дұрысы қыс **түседі**, жаз **шығады**, күз **келеді**».

Мәселен, бақ қонады, ұшады, өнер дариды, ырыс артады, ауады, абырой артады, мәртебе көтеріледі, береке кіреді, қашады, сана сарғаяды, көңіл құлазиды, сергиді, ортаяды, домбыра сөйлейді, қобыз сарнайды, т.б.

Құстар қалай ұшады?

Аққу
Сұңқар

Бүркіт
Үйрек

Құстар қалай ұшады?

Аққу суылдайды

Бүркіт қалықтайды

Сұңқар самғайды

Үйрек сусылдайды.

Түрлері	Мысалдар
Кісі аттары	
Атақты күйшілер	Құрманғазы, Дина....
Батырлар	Сырым, Махамбет, Мәншүк ...
Ақындар	Махамбет, Қадыр
Атақты әншілер	Мұхит, Ғарифолла,
Жер-су аттары	
Өзен атаулары	Қараөзен, ...
Құм атаулары	Аққұм, ...
Көл атауларының емлесі	Егіндікөл,

Бұл кесте арқылы «Белгілі адамдар» немесе «Менің өлкем» ойынын жүргізуге болады. Ойынды жүргізгеннен кейін кестенің ішінен бір адамның бойынан бірнеше қасиеттер кездескенде ситуациялық жағдайға түсіріп, оқушыға өз ойын айтқызуға, дәлелдетуге үйретіледі. Мысалы, *Махамбет – әрі батыр, әрі ақын.*

Қорыта айтқанда, қазақ халқының қастерлі ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын ұрпақ тәрбиелеуде басшылыққа алып, когнитивті оқыту (ұлттық танымдық тұрғыдан) әдістері арқылы жүзеге асыратын болсақ, бүгіндегі балаларда толық көрінбей бара жатқан ұлттық менталды ойлау мен ұлттық таным, ұлттық мінез, ұлтжандылық сияқты сезімдерді олардың бойына дарытуға болады.



Назарларыңызға рақмет!